


Бекітемін: 
«Күншуақ» жеке меншік
бөбекжай-бақшасы»
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

194 «ҰЛТТЫҚ ОЙЫН - ҰЛТЫ ҚАЗЫНАСЫ»
“Бәйге” балалардың бос уақытты ойын түрінде ұйымдастыру



Тәрбиеші: Орысбаева А

Таушық ауылы, 19.09.2025ж
Ұлттық ойын: «Бәйге»

Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық ойыны – бәйгемен таныстыру, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, ұлттық құндылықтарға қызығушылығын дамыту.

✓ Міндеттері:

- Ұлттық ойын туралы түсінік беру;
- Балалардың шапшаңдығын, ептілігін дамыту;
- Ұжыммен ойнауға, әділдікке тәрбиелеу;
- Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Қатысушылар: МАД "Алтын сақа" тобы

Құрал-жабдықтар:

- Ат бейнесіндегі таяқ.
- Мәреге арналған белгі (конус, жалауша)
- Музыка

Балаларды сапқа тұрғызу.

Тәрбиеші :– Балалар, бүгін біз қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық ойыны – бәйгемен танысамыз. Бәйге – ат жарысы, батылдық пен шапшаңдықты көрсететін ойын.

Ойын барысы: «Бәйге»

1. Балалар 2 топқа бөлінеді.
2. Әр бала "атқа мініп" (таяқты ат ретінде) мәреге дейін шабады.
3. Мәреге жеткен соң келесі балаға эстафетаны береді.
4. Қай топ бірінші болып барлық қатысушыларды өткізсе – сол топ жеңімпаз.

Қауіпсіздік ережесі:

- Бір-бірін итермеу
- Белгіленген сызықтан шықпау
- Жүгірген кезде абай болу

Сергіту сәті :

Шабамыз біз бәйгеге,
Аттай жүйрік бәйгеде.
Жүгірейік жарысып,
Болайық біз намысты!

Қосымша ұлттық ойын элементі

«Кім жүйрік?» – қысқа қашықтыққа жүгіріп келу.
«Теңге ілу» (бейімделген) – жерден затты еңкейіп алу.

Қорытынды :

Сұрақ-жауап:

- Біз қандай ұлттық ойын ойнадық?
- Бәйге ойыны не үйретеді?

Ұлттық ойын – халық қазынасы. Біз оны ойнап жүріп, денемізді де, рухымызды да шынықтырамыз.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар ұлттық ойын “Бәйге” туралы біледі;
- Қимыл-қозғалыс қабілеттері дамиды;
- Ұлттық дәстүрге қызығушылығы артады;

